

"Технологияларды коммерцияландыруға инновациялық гранттар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 365/НҚ бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2022 жылғы 20 мамырдағы № 175/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 20 мамырда № 28135 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Технологияларды коммерцияландыруға инновациялық гранттар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 365/НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21367 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Технологияларды коммерцияландыруға инновациялық гранттар беру қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Инновациялық экожүйе және ғылыми-техникалық даму департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Индустрія және инфрақұрылымдық

даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Каржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі

министрінің

2022 жылғы 20 мамырдағы

№ 175/НҚ бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі

министрінің

2020 жылғы 1 қазандығы

№ 365/НҚ бұйрығымен

бекітілген

Технологияларды коммерцияландыруға инновациялық гранттар беру қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Технологияларды коммерцияландыруға инновациялық гранттар беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 100-1-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және технологияларды коммерцияландыруға арналған инновациялық гранттар беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) алдын ала ұсыныс – өтінім берушінің конкурстың бірінші кезеңіне қатысу үшін инновацияларды даму саласындағы ұлттық даму институтына жіберетін ұсынысы;

2) грант алушы – осы Қағидаларға сәйкес инновациялық грант алған инновациялық қызмет субъектісі;

3) гранттық қаржыландыру жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Кеңес) – құрамына қоғамдық ұйымдар мен тиісті салалар өкілдерінің тақ саны кіретін (келісу бойынша), осы Қағидаларда белгіленген өтінімдердің сараптамалары мен инновациялық гранттарды беру шарттарын ескере отырып, өтінім берушілердің жобалары бойынша шешімдер қабылдау үшін инновациялық даму саласындағы ұлттық институт шенберінде құрылған тәуелсіз сарапшылар (отандық және (немесе) шетелдік) кіретін алқалы орган;

4) технологияларды коммерцияландыруға арналған инновациялық гранттар беру өлшемшарттары – өтінім берушінің жобасын бағалау белгілері;

5) инновациялық грант – инновациялық қызмет субъектілеріне инновациялық гранттар берудің басым бағыттары шеңберінде олардың инновациялық жобаларын іске асыру үшін өтеусіз негізде берілетін бюджет қаражаттары;

6) инновациялық даму саласындағы ұлттық даму институты (бұдан әрі – ұлттық институт) – инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруға және инновациялық даму процестерін үйлестіруге уәкілдеп ұлттық даму институты;

7) инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілдеп орган (бұдан әрі – уәкілдеп орган) – инновациялық және технологиялық даму саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды іске асыруға қатысады жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

8) Кеңестің шешімі – Кеңес мүшелері қабылдаған және хаттамамен ресімделген және инновациялық грант беру мәселеі бойынша дауыс беру қорытындылары туралы мәліметтерді қамтитын шешім;

9) өтінім – ұлттық институтқа жіберілетін алдын ала және толық ұсыныстар;

10) өтінім беруші – осы Қағидаларға сәйкес инновациялық грант алуға өтінімді қарауға ұсынған инновациялық қызмет субъектісі;

11) технология – белгілі бір өнімді өндіру мен шығаруды, оның ішінде тауарларды өндіру мен шығаруды қамтамасыз ететін әдістер мен құралдардың жиынтығы;

12) технологияларды коммерцияландыру – оң экономикалық тиімділік алуға бағытталған, жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен көрсетілетін қызметтерді нарыққа шыгару мақсатында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін іс жүзінде қолданумен байланысты қызмет;

13) технологияларды коммерцияландыруға инновациялық грант беру туралы шарт (бұдан әрі – шарт) – ұлттық институт және көрсетілетін қызметті алушы арасында инновациялық грант беруге жасалған шарт;

14) толық ұсыныс – өтінім берушінің конкурсның екінші кезеңіне қатысу үшін ұлттық институтқа жіберетін ұсынысы.

15) ұлттық институттың өтінімдерді әлектронды қабылдау және сүйемелдеу бойынша автоматтандырылған жүйесі (бұдан әрі – портал) – бұл инновациялық гранттарды алуға берілетін өтінімдерді қабылдау және сүйемелдеу бойынша автоматтандырылған жүйе;

3. Грант технологияларды коммерцияландыруға инновациялық грант алушыларға ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, аппараттық-бағдарламалық кешендерді енгізу үшін беріледі.

4. Инновациялық гранттарды беруді ақпараттық қамтамасыз етуді уәкілетті орган және ұлттық институт жүзеге асырады.

5. Осы Қағидаларға сәйкес инновациялық гранттар беруді уәкілетті орган мен ұлттық институт арасында жасалған шарт негізінде инновациялық гранттар беруге көзделген қаражатты бөлу арқылы уәкілетті орган жүзеге асырады.

6. Қаржы жылышың соына есептелең үлттық институттың ағымдағы шотындағы қаражат қалдықтары уәкілетті органға және тиісінше мемлекеттік бюджетке қайтаруға жатпайды, келесі қаржы жылышында инновациялық гранттар беруге жұмсалады.

7. Үлттық институттың инновациялық гранттар беру жөніндегі қызметтеріне уәкілетті орган респубикалық бюджет қаражаты есебінен ақы төлейді.

2-тaraу. Технологияларды коммерцияландыруға инновациялық гранттар беру тәртібі

8. Үлттық институт инновациялық гранттарды алуға арналған өтінімдерді қабылдау туралы хабарламаларды бұқаралық ақпарат құралдарында және үлттық институттың ресми интернет-ресурсында порталдың сілтемесін және өтінімдерді қабылдау басталғанға дейін 30 (отыз) жұмыс күн ішінде уәкілетті органмен келісілген өтінімдерді қабылдау кестесін көрсете отырып орналастырады.

Уәкілетті органның келісімі бойынша инновациялық гранттар берудің басым бағыттары жөнінде инновациялық гранттар беруге өтінімдер Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қыркүйектегі № 339/НҚ (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21265 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес қабылданады.

9. Конкурсқа қатысу үшін өтінім беруші портал арқылы мемлекеттік немесе орыс тілдерінде мынадай құжаттар топтамасын ұсынады:

1-кезеңде:

1) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша инновациялық грант алуға алдын ала ұсыныс;

2-кезеңде:

1) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша инновациялық грант алуға арналған толық ұсыныс;

2) осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бизнес-жоспар;

3) осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша күнтізбелік жоспар жобасы;

4) осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша шығындар талдамасы бар шығыстар сметасының жобасы;

5) занды тұлғалар үшін – жарғының көшірмесі (ұлгілік жарғы негізінде қызметті жүзеге асыру кезінде – занды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы анықтама;

6) мемлекеттік кірістер органдарында есебі жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер;

7) жабдықты жеткізуге арналған алдын ала шарттардың және (немесе) келісімдердің, оның ішінде лицензиялық шарттардың көшірмелері (бар болса);

8) жабдықтарды тасымалдау (жеткізу) шарттарының көшірмелері (бар болса);

9) бағдарламалық өнімге қойылатын талаптардан басқа, талап етілетін мамандар көрсетілетін бағдарламалық өнімді әзірлеуге арналған техникалық ерекшелік, олардың жұмыс түрлерін, көлемдерін, мерзімдерін сипаттай отырып және ақы төлей отырып, мамандандыру бөлінісінде олардың саны (бағдарламалық өнімді әзірлеген жағдайда);

10) жоба командасының әрбір мүшесінің дипломдарының немесе сертификаттарының немесе басқа құжаттарының көшірмелері (бар болса);

11) жобаның Excel форматындағы қаржылық моделі;

12) акселерациялық және бизнес-инкубациялық бағдарламаның аяқталғанын растайтын құжат.

Шарт жасасу үшін – жоғары тұрған органның инновациялық грант беруге шарт жасасу туралы шешімі, басшының және (немесе) уәкілдегі тұлғаның инновациялық грант алуға байланысты құжаттарға қол қою өкілеттігін беру туралы шешімі.

10. Өтінім берушіге 1 (бір) жұмыс күні ішінде порталдағы "жеке кабинетте" сұраудың қабылданғаны туралы мәртебесі, сондай-ақ нәтижені алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

11. Өтінім беруші ұсынылған құжаттардың және олардағы мәліметтердің дұрыстығын қамтамасыз етеді.

12. Өтінімді қараудың және инновациялық грант беру туралы немесе оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдаудың жалпы мерзімі оны ұлттық институтта тіркелген күнінен бастап 45 (қырық бес) жұмыс күнінен аспайтын уақытты құрайды.

13. Өтінімдерді ашық және жан-жақты қарау, сондай-ақ инновациялық грант беру туралы шешім қабылдау мақсатында ұлттық институт Кеңес құрады. Кеңестің қызметін ұйымдастыру, оның мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу және оның құрамы ұлттық институттың ішкі нормативтік актісімен реттеледі.

14. Технологияларды коммерцияландыруға инновациялық гранттарды беру рәсімі мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) Ұлттық институт 1 (бір) жұмыс күні ішінде алдын ала ұсынысты тіркейді және оны Кеңестің қарауына жібереді.

Кеңес 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушылардың алдын-ала ұсынысын қарайды және мынадай өлшемшарттар:

инновациялық;

ауқымдылығы;

экспортқа бағдарлануы;

жоба командасының құрамы және біліктілігі;

жобаның коммерциялық әлеуеті бойынша іріктеуді жүзеге асырады.

Алдын ала ұсыныстарды тыңдау қорытындысы бойынша Кеңес конкурстың екінші кезеңіне өтінім берушілерді жіберу (жіберуден бас тарту) туралы шешім қабылдайды;

2) Ұлттық институт Кеңес шешімін алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде іріктеуден өткен өтінім берушіге портал арқылы рұқсат беру немесе екінші кезеңге жіберуден бас тарту туралы қабылданған шешім туралы тиісті хабарлама жібереді.

Өтінімді қарау мерзімі өтінім берушіге екінші кезеңге жіберу туралы шешім туралы хабарлама жіберілген кезден бастап тоқтатыла тұрады;

3) іріктеуден өткен өтінім беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде ұлттық институтқа толық ұсыныс жібереді.

Өтінім беруші 14-тармақтың 3) тамақшасының бірінші бөлімінде көрсетілген мерзімде толық ұсынысты ұсынбаған жағдайда, ұлттық институт өтінімді одан әрі қараудан бас тартады.

4) Ұлттық институт 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығына және олардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексеріп, толық ұсыныстарды қабылдауды және тексеруді жүзеге асырады.

Ұлттық институт Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабына сәйкес коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

Тексеру нәтижелері бойынша ұлттық институт өтінім берушіге портал арқылы анықталған ескертулер (бар болса) туралы хабарлама жібереді. Құжаттардың толық пакетін ұсынбау және (немесе) ұсынылған құжаттардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеуі қайта қарау үшін толық ұсынысты кері қайтаруға негіз болып табылады.

Өтінім беруші хабарламада көрсетілген ескертулерді 5 (бес) жұмыс күні ішінде жояды. Өтінім берушінің ескертулерді жоюы кезінде өтінімдерді қарау мерзімі өтінім берушіге анықталған ескертулер туралы хабарлама жіберілген күннен бастап тоқтатылды.

Өтінім беруші көрсетілген мерзімдерде ескертулерді жоймаған жағдайда ұлттық институт өтінімді одан әрі қараудан бас тартады;

5) Ұлттық институт өтінім берушінің пысықталған құжаттарының пакетін алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қайта тексереді (өтінім берушіге анықталған ескертулер туралы хабарлама жіберілген жағдайда);

6) Ұлттық институт толық ұсынысты тексергеннен кейін 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде толық ұсынысқа технологиялық, қаржылық-экономикалық және құқықтық сараптама жүргізеді.

Сараптаманы өткізу тәртібі ұлттық институттың ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

Ұлттық институтта сарапшылар болмаған жағдайда, сараптама жүргізу үшін сыртқы отандық және (немесе) шетелдік жеке және (немесе) заңды тұлғалар тартылады

Ұлттық институт сыртқы отандық және шетелдік сарапшылар мен сараптамалық ұйымдардың тізбесін, оның ішінде "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, салалық қауымдастықтардың ұсынымдары негізінде қалыптастырады.

Сараптама мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі:

технологиялық сараптама іс-шаралардың технологиялық іске асырылуы мен жеткіліктілігін талдау, аналогтармен салыстыру бойынша артықшылықтарды анықтау, жұмыстарды мәлімделген мерзімдер (кезеңдер) бойынша бөлу, жұмыстардың көлемі мен мазмұны және оларды орындау мерзімдері, жобаны іске асыру тәуекелдері, жоба командасының біліктілігін бағалау мақсатында жүргізіледі;

қаржы-экономикалық сараптама жобаны іске асырудың экономикалық орындылығын және қаржы-экономикалық моделін бағалау мақсатында жүргізіледі;

құқықтық сараптама ұсынылған құжаттардың мазмұнын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігі түрғысынан талдау, жобаны іске асырудың құқықтық тәуекелдерін бағалау мақсатында жүргізіледі.

Технологиялық, қаржы-экономикалық және құқықтық сараптамалар жобалар бойынша бір мезгілде жүргізіледі.

Өтінімдерге жүргізілген сараптама қорытындылары бойынша сараптамалық қорытынды қалыптастырылады және Кеңеске жолданады;

7) сараптамалық қорытындыны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Кеңестің отырысы өткізіледі.

Кеңес отырыстарына өтінім беруші өзінің жобасын бетпе-бет немесе аудио және бейне тіркеуі бар телекоммуникациялар қуралдары арқылы таныстыру үшін шақырылады.

Қарау нәтижелері бойынша Кеңес өтінім берушіге инновациялық грант беру туралы немесе оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды;

8) Ұлттық институт Кеңес шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінім берушілерге портал арқылы Шартқа қол қоюдың қажеттілігі туралы хабардар етеді немесе инновациялық грант беруден бас тартуды жібереді.

Шартқа ұлттық институт немесе оның шарт жасауға уәкілетті өкілі және ұлттық институттың орналасқан орнында өтінім беруші қол қояды.

Шарт сараптама қорытындылары мен Кеңестің ұсынымдары ескеріле отырып, ұлттық институт айқындастын нысан бойынша тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден екі данада жасалады.

15. Жобаларды бағалау мынадай көрсеткіштер бойынша жүргізіледі:

1) бірлесіп қаржыландыру деңгейі;

2) жоба командасы (жоба командасы мүшелерінің біліктілігін растайтын құжаттар, оның ішінде дипломдардың, сертификаттардың көшірмелері);

3) өнімнің артықшылықтары:

әлеуетті қолдану үшін нарықтың ауқымдылығы мен мөлшері;

технологияның дайындық деңгейі;

инновациялық және бәсекеге қабілеттілік;

тапсырыс берушілер мен инвесторлардың болуы;

шығындардың негізділігі (сатып алынатын қызметтердің, материалдардың, жинақтауыштардың және жабдықтардың әрқайсысы бойынша кемінде үш коммерциялық ұсыныс негізінде);

4) экономикалық қайтарым:

ықтимал экономикалық нәтиже (бизнес-жоспар мен қаржылық үлгі негізінде).

16. Инновациялық даму саласындағы ұлттық даму институты инновациялық гранттар берілген инновациялық жобалардың жоспарланған мақсаттарына қол жеткізуі талдау мақсатында ұлттық институттың актісімен реттелетін берілген инновациялық гранттар мен жобалардың іске асырылуына мониторинг жүргізеді.

17. Шартта жобаны гранттан кейінгі мониторингілеу мақсатында жобаны аяқтау туралы ұлттық институт шешім қабылдаған сәттен бастап 3 (үш) жыл бойы грант алушының жоба туралы ақпаратты ұлттық институтқа ұсынуы көзделеді.

3-тaraу. Технологияларды коммерцияландыруға инновациялық гранттар беру шарттары

18. Инновациялық грант жобаны іске асырудың мынадай кезеңдерінде іс-шараларды бірлесіп қаржыландыру шартымен беріледі:

1) өнімді жетілдіру және жобаның инвестицияларды тартуын қоса алғанда, коммерцияландыру стратегиясын әзірлеу;

2) өнім өндірісін іске қосу (енгізу және сүйемелдеу) және оны нарықта іске асыру (коммерцияландыру).

19. Инновациялық гранттың жалпы сомасы кезеңдер бойынша бөлінген 100 000 000 (жүз миллион) теңгеден аспайды:

1) "Өнімді жетілдіру және жобаның инвестицияларды тартуын қоса алғанда, коммерцияландыру стратегиясын әзірлеу" кезеңінде 20 000 000 (жиырма миллион) теңгеден аспайды және негізделген шығындардың мынадай баптарының 90 (тоқсан) пайызына дейін өтейді:

жоба командасы мүшелерінің жалақысы (салықтарды, алымдарды және басқа да оған байланысты міндетті төлемдерді қоса алғанда), кезең қаражаты сомасының 30 (отыз) пайызынан аспайтын мөлшерін немесе 6 000 000 (алты миллион) теңгеден аспайтын соманы құрайтын мөлшерде;

ұшінші тұлғалар және/немесе бірлесіп орындаушылар орындаған, оның ішінде жабдықты жалға берумен байланысты басқа жұмыстарға және (немесе) көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу;

іссапар шығыстары (шетелдіктерді қоса алғанда), кезең қаражаты сомасының 10 (он) пайызынан аспайтын немесе 2 000 000 (екі миллион) теңгеден аспайтын соманы құрайтын мөлшерде;

кеңсе үй-жайларын оның ішінде өнімді жетілдіру үшін жалға алу;

апробация және тестілік сатылым мақсатында өнімді немесе көрсетілетін қызметті жасау (жетілдіру) үшін қажетті материалдарды, жиынтықтауыштар мен жабдықтарды сатып алу;

2) "Өнім өндірісін іске қосу (енгізу және сүйемелдеу) және оны нарықта іске асыру (коммерцияландыру)" кезеңінде 80 000 000 (сексен миллион) теңгеден аспайды және негізделген шығындардың мынадай баптарының 90 (тоқсан) пайызына дейін өтейді:

жоба командасы мүшелерінің жалақысы (салықтарды, алымдарды және басқа да оған байланысты міндетті төлемдерді қоса алғанда), кезең қаражаты сомасының 30 (отыз) пайызынан аспайтын немесе 24 000 000 (жиырма төрт миллион) теңгеден аспайтын соманы құрайтын мөлшерде;

ұшінші тұлғалар және/немесе бірлесіп орындаушылар орындаған, оның ішінде жабдықты жалға берумен байланысты басқа жұмыстарға және (немесе) көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу;

іссапар шығыстары (шетелдіктерді қоса алғанда), кезең қаражаты сомасының 10 (он) пайызынан аспайтын немесе 8 000 000 (сегіз миллион) теңгеден аспайтын соманы құрайтын мөлшерде;

өнімді немесе көрсетілетін қызметті жасау үшін қажетті лицензияларды, жабдықтарды сатып алу;

өнімді немесе көрсетілетін қызметті жасау үшін қажетті материалдар мен жиынтықтауыштарды сатып алу;

кеңсе және (немесе) өндірістік үй-жайларды жалға алу;

кезеңдік қаражат сомасының 10 (он) пайызынан аспайтын маркетингтік шығыстар (өнімді немесе көрсетілетін қызметті ілгерілету бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу).

20. Шарт бойынша барлық міндеттемелерді орындаумен бірінші кезеңді аяқтау екінші кезең конкурсына қатысадын міндетті шарты болып табылады.

21. Екінші кезеңге инновациялық грант беру конкурсы ұлттық институтпен жүргізгілген мониторинг нәтижелері бойынша бірінші кезеңді сәтті жүзеге асырған кемінде 10 (он) жоба болған жағдайда жарияланады. Кеңес жобаны іске асырудың екінші кезеңіне инновациялық грантты ұсыну туралы шешім қабылдайды.

22. Өтінім берушіге мынадай өлшемшарттар белгіленеді:

Жоба Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылады.

Осы Қағидалардың 20-тармағына сәйкес жобаны іске асыру бойынша шараларды бірлесіп қаржыландыру үшін меншікті қаражаттар болуы тиіс.

1) Бірінші кезеңде:

инкубациялық және (немесе) акселерациялық бағдарламаны аяқтау;

ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аяқталған нәтижелерінің болуы, не өнімнің, не бастапқы құрылымның экспериментальдық тәжірибелік үлгісінің (MVP) болуы;

маркетингтік зерттеулерде тәжірибесі бар коммерцияландыру жөніндегі маманды қоса алғанда, 5 (бес) адамнан аспайтын білікті мамандардан тұратын команданың болуы (гранттар есебінен бірлесіп қаржыландыру үшін);

шағын кәсіпкерлік субъектісі.

2) екінші кезеңде:

өндіруге және (немесе) сатуға дайын өнімнің болуы;

өнімді жылжытудың маркетингтік жоспарының болуы;

екінші кезеңінің грант сомасының кемінде 30 (отыз) пайызы мөлшерінде инвестициялар тарту;

бизнесте жұмыста тәжірибесі бар коммерцияландыру жөніндегі маманды, жоба бойынша кәсіби мамандарды қоса алғанда 7 (жеті) адамнан аспайтын команданың болуы (гранттар есебінен бірлесіп қаржыландыру үшін).

Ұлттық институт өтінім беруші жоғарыда көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келмеген жағдайда, өтінімді қараудан бас тартады.

23. Өтінім берушілер өздеріне мынадай міндеттемелер алады:

жобаны іске асырудың бірінші кезеңінің қорытындылары бойынша:

маркетингтік жоспарды, өнімді жылжыту және коммерцияландыру стратегиясын әзірлеу;

тестілік сатылымдарды жүзеге асыру;

жобаны іске асырудың екінші кезеңінің қорытындылары бойынша:

коммерцияландыру стратегиясына сәйкес бірақ инновациялық грант сомасының 10 (он) пайызынан кем емес сатылған өнім көлеміне жету;

24. Егер инновациялық жобаға бұрын мемлекеттік қаржылық қолдау көрсетілсе, инновациялық гранттар беруге жол берілмейді.

Осындай фактілер анықталған және расталған жағдайда, ұлттық институт жобаны іске асырудың кез келген кезеңінде шартты бұзады, бұл ретте грант алушы алынған гранттың толық сомасын ұлттық институттың есеп шотына қайтарады.

25. Жобаны іске асыруға қаражат аудару үшін грант алушының жобаны іске асыруға байланысты емес шығыс операцияларын жасау құқығынсыз оларды депозитке салу шартымен жобаны іске асыруға арналған қаражатты нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының резиденті – екінші деңгейдегі банкте эскроу-шот режимінде жеке ағымдағы шот ашады.

Эскроу-шот режимінде ағымдағы шот ашу туралы шартқа грант алушы, ұлттық институт және Қазақстан Республикасының резиденті – екінші деңгейдегі банк арасында қол қойылады.

26. Бизнес әріптес немесе инвестор тарапынан бірлесіп қаржыландыруға ақшалай қаражаттың болуын растайтын құжаттарды не гранттық қаражатты алған жағдайда бірлесіп қаржыландыру сомасын енгізуге дайын екендігі туралы бизнес әріптестің немесе инвестордың кепілдік хатын ұсынған жағдайда жол беріледі.

27. Грант аясында бөлінген қаражат өтінімде көрсетілген мақсаттарға жіберіледі.

28. Шартқа қол қойылғаннан кейін грант алушы 10 (он) жұмыс күні ішінде шарт талаптарына сәйкес мөлшерде жобаны бірлесіп қаржыландыру үшін қаражаттарды эскроу-шот режимінде ағымдағы шотқа аударады.

Ұлттық институт грант алушыдан екінші деңгейдегі банкте ашылған эскроу-шотқа ақша қаражаты түскен сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бірінші кезеңнің грант қаражатын аударуды жүргізеді.

Келесі транштар (бөліктер) ұлттық институт жүргізген мониторинг нәтижелері бойынша аударады.

Аударымның екінші кезеңінде инновациялық грантты грант алушыға аударым жасалған шарт талаптарына сәйкес бірінші траншты қоспағанда, ұлттық институт жүргізген есепті кезеңде грант алушының жүзеге асырған шарапалары мен жұмсалған шығындарын мониторингілеу және талдау нәтижелері бойынша транштар (бөліктер) кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

Инновациялық грантты ұлттық институт кем дегенде екі траншпен (бөлікпен) аударады.

Бұл жағдайда әр транштың (бөліктердің) сомасы инновациялық гранттың мақұлданған көлемінің елу пайызынан аспайды.

29. Инновациялық грантты игеру мерзімі бірінші кезеңде 6 (алты) айдан, екінші кезеңде 18 (он сегіз) айдан аспайды.

Технологияларды
коммерцияландыруға
инновациялық гранттар беру
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Технологияларды коммерцияландыруға инновациялық грантты алуға алдын ала ұсыныс

Барлық жолдарды толтыру міндетті:

Жеке тұлғаның Тегі, Аты, Әкесінің аты (жеке кәсіпкер) / занды тұлғаның атауы

Өтінім берілген жоба бойынша инкубацияны немесе акселерацияны қай жерде өткізгенізді көрсетіңіз (өткізу орны, тақырыбы, кезеңі)

Жобаның атауы:

Сіздің жобаңыз инновацияның қай түріне жататынын көрсетініз (технологиялық, әлеуметтік, өнімді ұйымдастыру, маркетингтік және басқа)	
Жоба инновациялық гранттар берудің басым бағытына жатады (бір ғана басым бағытты көрсету керек):	
Экономиканың және қоғамның тіршілік әрекеті салаларында қолданылатын жоғары өнімді технологиялар:	
4.0 индустрия элементтерін қоса алғанда, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	
Жаңа материалдар, аддитивті технологиилар, нанотехнологиялар	
Биотехнология, медицина мен денсаулық сақтаудағы жаңа технологиилар	
Өндөу өнеркәсібіндегі жаңа технологиилар	
Гарыштық технологиилар	
Экологиялық таза технологиилар, энергия тиімділігі, энергия үнемдеу және баламалы энергетика	
Жаңа қаржылық технологиилар	
Электрондық өнеркәсіп	
Робототехника	
Стартапты іске асыруда төменде көрсетілген технологиилардың кез келгенін пайдаланасыз ба?	
Big Data (Үлкен деректер)	
AI (Жасанды интеллект)	
ML (Машиналық оқыту)	
AR/VR (Кеңейтілген және виртуалды шындық)	
Блокчейн	
Роботтар мен дрондар	
IoT (Заттар интернеті)	
M2M (Машинааралық өзара әрекеттесу)	
Қолданылмайды	
Өтінім берушінің мекенжайы (индексі, облысы, ауданы, елді мекені, көшесі, үйі, пәтері)	
Телефон	Ұялы
Электрондық пошта:	
Ресми сайты:	
Жоба туралы қысқаша ақпарат (500 символдан артық емес):	
Жобаның мақсаты (шешілетін мәселе):	
Жобаның міндеттері:	
Ұсынылған өнімнің инновациялығы қандай?	
Жобаны іске асыру орны:	
Жобаны іске асыру мерзімі:	
MVP/MSP болуы (өнімге, фотосуретке, бейнеге немесе басқа материалдарға сілтемелер)	

Жобаның дайындық дәрежесі (негізгі орындалған іс-шаралар тізімі):	
Жоба командасының сипаттамасы (команда мүшелерінің саны және біліктілігі):	
Өнімді пайдаланатын тұтынушылар бар ма?	
Күрілатын өнімді сатудың коммерциялық әлеуеті:	
Жобаның тәуекелдері:	
Қазіргі бар және әлеуетті бәсекелестер:	
Бәсекелестік артықшылығы:	
Масштабтау, экспортқа шыгу бойынша қандай жоспарлар бар?	
Күтілген нәтижелер (натуралды және ақшалай түрде):	
Бұл жоба басқа көздерден қаржыландырылды ма:	
Ия	Жоқ
Егер "иә" болса, онда бағдарламаның атауын, жобасын және алынған қаржыландыру сомасын қандай көлемде көрсету қажет	
Инновациялық гранттар туралы қандай дереккөздерден білдіңіз?	
Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэрогарыш өнеркәсібі министрлігінің сайты	
ұлттық институттың сайты	
ұлттық институттың таратуы	
ұлттық институттың семинарлары, конференциялары	
әлеуметтік желілер	
басқа _____	

теңге

Жобаның бизнес-құрылымы (excel форматында)												
Өнімді/тауарларды өткізу және (немесе) жұмыстарды/қызметтерді көрсету бойынша шығыстар												
жоба коман дасын ың жалак ысы*	үшінш і тулғал а р және/ немес е бірлес і п орынд аушы лар орынд айтын өзге д е жұмы	түлғал а р және/ немес е бірлес і п орынд аушы лар орынд айтын өзге д е жұмы	кенсе және (немес	матер иалда р мен жинақ р	шығы бағас ы / тариф (өзінд. күн+ маржа	бірлігі н е бағас ы / тариф (өзінд. күн+ маржа	Өнімд і / тауарл арды өткізу және (Өнімд і / тауарл арды өткізу жұмы және (Өнімд і / тауарл арды өткізу жұмы және (Қарж ылық нәтиж (е , немес пайда (+) / жұмы стард ы / көлемі , санды к мәнде жобан ың	жұмы стард ы / көлемі ттерді көрсет тудің кірісте р і сауда циклд

Жоба сатыс ының атауы	старға	ы					ерекш	е рі	шығы
	және (жалда					елігіне	мен	н (-)
	немес	у					байла	маусы	
	е)						нысты	мдық	
	қызме						өлшем	сатыл	
	ттерге						бірлігі	ымдар	
	акы						н	д ы	
	төлеу						көрсет	ескеру	
						у _____		кажет	

						—			

1-кезең: өнімді жетілдіру және инвестицияларды тартуды қоса алғанда, комммерцияландыру стратегиясын әзірлеу (6 айдан артық емес)

2-кезең: өнім өндірісін іске қосу (енгізу және сұйемелдеу) және оны нарықта іске асыру (коммерцияландыру) (18 айдан артық емес)

* Жалақы кестесінен алынған мәліметтер.

тенге

Жалақыдан алынатын
салықтар, алымдар

4 ай						
5 ай						
6 ай						
2-кезең : өнім өндіріс ін іске косу (еңгізу және сүйеме лдеу) және оны нарықт а іске асыру (комме рцияла ндыру)						
1 ай						
2 ай						
3 ай						
4 ай						
5 ай						
6 ай						
7 ай						
8 ай						
9 ай						
10 ай						
11 ай						
12 ай						
13 ай						
14 ай						
15 ай						
16 ай						
17 ай						
18 ай						
Жоба бойын ш а жиы ны:						

* 1-кезең: 5 (бес) білікті маманнан аспайтын жоба командасы,
 2-кезең: 7 (жеті) білікті маманнан аспайтын жоба командасы.

** порталға жалақы деңгейін растайтын құжаттар (статистикалық деректер, скриншоттар және үқсас дағдылары бар мамандарға арналған ұсыныстар орналастырылған интернет ресурстарға сілтемелер) қоса беріледі.

Технологияларды
коммерцияландыруға
инновациялық гранттар беру
қағидаларына
2-қосымша

Технологияларды коммерцияландыруға инновациялық грант алуда толық ұсыныс

Барлық жолдарды толтыру міндетті:

Жеке тұлғаның Тегі, аты, әкесінің аты / заңды тұлғаның атауы			
Жобаның атауы:			
Инновациялық гранттың сұрапатын сомасы, тенгемен (цифмен және жазбаша):			
Жобаның толық құны, тенгемен (цифмен және жазбаша):			
Өтінім беруші туралы ақпарат			
Ұйымның атауы:			
Құрылған күні:			
Тіркеу деректері:			
Өтінім берушінің мекенжайы (индекс, облыс, аудан, елді мекен, көше, үй, пәтер)			
Банктік деректемелер, есеп айырысу шоты, валюталық шот, банктік жеке код:			
Алынған және өтмелген тәнгелік және валюталық кредиттер:			
Телефон	Жұмыс	Ұялы	
Электрондық пошта			
Ресми сайт			
Жұмыс істейтіндердің нақты саны, оның ішінде: инженерлік-техникалық қызметкерлер әкімшілік-басқару персоналы			
Басқалар			
Құрылтайш ылар (қатысу үлесін көрсете отырып (болған жағдайда):			
Бірінші басшы туралы ақпарат:			

Тегі, аты, әкесінің аты				
Телефон	Жұмыс		Ұялы	
Электрондық пошта мекенжайы				
Лауазымы				
Байланыс мекенжайы				
Байланыс тұлғасы				
Тегі, аты, әкесінің аты				
Телефон	Жұмыс		Ұялы	
Электрондық пошта мекенжайы				
Лауазымы				
Байланыс мекенжайы				
Жоба туралы ақпарат				
Жобаның мақсаты:				
Жобаның міндеттері:				
Жобаны іске асыру орны				
Жобаны іске асыру мерзімі				
Өткізу нарығы (ел, өнір)				
Жоба дайындығының деңгейі				
Осы жоба басқа көздерден қаржыландырылды ма:				
Ия		Жоқ		
Егер "иә" болса, онда қандай көлемде, бағдарламаның атауын, жобаны және алынған қаржыландыру сомасын көрсету қажет				
Егер "иә" болса, онда жобаның қандай нақты мақсатына қаржыландыру алынғаны және қол жеткен нәтижелерді көрсету қажет				
Осымен өтінім бойынша құжаттарды, материалдарды және ақпаратты, оның ішінде құпия мәліметтерді қамтитын мәліметтерді пайдалануға, үлттық институт сараптамалық бағалау жүргізген кезде, оның ішінде бөгде тұлғаларды тарта отырып, сондай-ақ жеке немесе занды тұлға туралы, барлық көздерде кредиторлық берешектің болуы (болмауы) туралы деректерді жинауға өзімнің келісімінді беремін.				

Осы ұсынылған материалдар мен ақпараттың, оның ішінде бастапқы деректердің, есептеулердің, негізdemelerдің дұрыстығын растаймын және дәйексіз деректерді беру фактілері анықталған жағдайда өтінім қарудан бас тартылатыны ескертілді.

Осы өтінімге коса берілетін материалдардың, ақпараттың, техникалық-технологиялық шешімдер мен ілеспе құжаттаманың қолданылуы мен таратуға қандай да бір шектеулері жоқ, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясын құрайтын мәліметтер жоқ екенін растаймын.

Сондай-ақ ұлттық институтқа өтінім беру сәтінде банкроттық сатысындағы не мүлкіне тыйым салынған дәрменсіздік нәтижесінде таратылған жеке немесе заңды тұлғалардың меншік иелері және (немесе) басшылары болып табылатын немесе болған жеке немесе заңды тұлға, меншік иесі және бірінші басшы болып табылмайтынын растаймын.

Казақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 20__ жылғы " " №_____ бұйрығымен бекітілген Технологияларды коммерцияландыруға инновациялық гранттар беру туралы қағидаларымен таныстым.

Осымен технологияларды коммерцияландыруға инновациялық гранттар беру шарттарымен және ұлттық институттың ішкі ресімдеріне өзімнің келісімінді растаймын.

Технологияларды коммерцияландыруға инновациялық гранттар беру қағидаларының талаптарына сәйкес талап етілетін материалдар және (немесе) құжаттар қоса беріледі:

- 1) Бизнес-жоспар;
- 2) күнтізбелік жоспар;
- 3) шығындарды таратып жазу арқылы шығыстар сметасы;
- 4) әзірленетін өнімге техникалық тапсырма;
- 5) MS PowerPoint форматында жобаны таныстыру.

Осы өтінім мәселелері бойынша хат-хабар жүргізуге арналған электрондық пошта мекенжайы:	
Өтінім берушінің атынан қол қою үшін өкілеттіктер і бар адамның лауазымы	<hr/> <hr/> Тегі, аты, экесінің аты (қолы)

Технологияларды
коммерцияландыруға
инновациялық гранттар беру
қағидаларына
3-қосымша

Жобаның бизнес-жоспары

1. Өтінім беруші:

- Жеке тұлғаның тегі, аты, экесінің аты, немесе заңды тұлғаның атауы (ЖСН/БСН);
- заңды тұлға қызметінің негізгі бағыттарының қысқаша сипаттамасы;

- саладағы жұмыс тәжірибесі;

2. Жобаның сипаттамасы:

2.1 жобаның атауы;

2.2 мыналар көрсетілген жобаның сипаттамасы:

- мақсаттар (шешілетін мәселе және оның шамасы);

- міндеттер (мәселені шешу жолдары)

- шешімнің инновациялылығы (жаңалығы);

- іске асырудың күтілетін нәтижелері.

2.3 MVP/MSP сипаттамасы және оның дайындық дәрежесі.

3. Жоба командасы:

3.1 мыналар көрсетілген команданың тізімі:

- біліктілігі және жұмыс тәжірибесі;

- команданың әр мүшесінің қатысу дәрежесі (толық 100 %, немесе қоса атқарылатын жұмыс – 50%);

- жобаның нәтижелеріне қол жеткізуге мүдделілік (жалақы, іске асыру туралы роялти және басқа).

4. Шығаруға болжанатын өнім:

- атауы (типі, маркасы және басқа);

- өндіруге және/немесе сатуға дайын өнімнің сипаттамасы;

- негізгі техникалық, эстетикалық және басқа да сипаттамалары;

-патенттік-лицензиялық қорғау, авторлық құқықтар, сауда белгілері және басқа да зияткерлік меншік объектілері туралы мәліметтер.

5. Жобаның ағымдағы мәртебесі:

5.1 жоба бойынша орындалған іс-шаралар мен қол жеткізілген нәтижелердің сипаттамасы (өтінім беру сәтінде), оның ішінде:

- өнімді жасауға бағытталған;

- өнімді жылжыту және сатуға (сатуға) бағытталған.

5.2 Жоба бойынша бұрын алынған мемлекеттік қаржылық қолдау шараларының сипаттамасы:

- Мемлекеттік қаржылық қолдау шарасының операторы, түрі (грант, субсидия және басқа) және қаржыландыру көлемі;

Қаражат қандай мақсаттарға алынды, қол жеткізілген нәтижелер.

6. Жобаны іске асырудың ерекше шарттары мен шектеулері:

- лицензиялардың болуы (егер қызмет түрі лицензиялануға жататын болса).

7. Жобаны іске асыру қуны және қаржыландыру көздері:

Жоспарланған шығындар кестесі

№	Дереккөздің атауы	Сомасы (тенге)	Түсіндірмелер
	Жобаның жалпы құны		
	оның ішінде:		

	Меншікті қаражат		
	Т а р т ы л ғ а н инвестициялар		
	Инновациялық грант		
	Шыққан шығыстар кестесі		
№	Дереккөздін атауы	Сомасы (тенге)	Түсіндірмелер
	Жоба бойынша тарихи шығындар:		
	оның ішінде:		
	Меншікті қаражат		
	Т а р т ы л ғ а н инвестициялар		
	Қаржыландырудың өзге де көздері		

8. Техникалық бөлім:

8.1 Жоба технологиясының және технологиялық процестің қысқаша сипаттамасы (жұмыс принциптері, компоненттер, өндірістік қуат және басқа, қажет болған жағдайда, суреттерде, сызбаларда, диаграммаларда, фотосуреттерде көрсетілуі керек);

8.2 Технологиялық шешімді таңдау негізdemесі (функционал, әлеует, масштабтау мүмкіндігі),

8.3 Жобаны іске асыру орнын таңдау негізdemесі (ілеспе инфрақұрылым, логистика және басқа);

8.4 Техникалық және құндық сипаттамалар бойынша балама шешімдерді салыстырмалы талдау:

Сипаттамалары	Көрсеткіштердің мәні		
	Меншікті өнім	№ 1 бәсекеге қабілетті өнім	№ 2 бәсекеге қабілетті өнім
1.			
2.			
...			

Талдау түсіндірмелері: өнімнің бәсекелестік сипаттамаларын таңдауды негіздеу, ақпарат көздеріне сілтемелер.

8.5 Шикізат және материалдар (бар болса):

пайдаланылатын шикізат пен материалдар түрлерінің тізбесі;

көлік шығыстарын, салық міндеттемелерін және кедендейкі баждарды ескере отырып, бағалардың қолжетімділігі мен деңгейі;

- шикізат пен материалдарды жеткізушилердің қажеттілігі мен таңдауының негізdemесі.

8.6 Жабдықтар мен жиынтықтауыштар (бар болса):

қажетті жабдықтардың, материалдар мен жиынтықтауыштардың тізбесі, оларға негізгі техникалық сипаттамалар;

көлік шығыстарын, салық міндеттемелерін, кедендік баждарды, монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстарын ескере отырып, жабдықтар мен жиынтықтауыштардың құны;

жабдықтар мен жиынтықтауыштарды жеткізушіні таңдау қажеттілігінің негіздемесі

8.7 Үшінші тұлғалар орындаитын жұмыстар мен қызметтер (бар болса):

сатып алынатын жұмыстар мен қызметтердің тізбесі;

сатып алынатын жұмыстар мен қызметтердің құны;

жұмыстар мен қызметтерді жеткізуілердің қажеттілігі мен таңдауының негіздемесі.

9. Үйымдастыру бөлімі (құнтізбелік жоспарды толтыру үшін негіз болады):

9.1 Жобаның кезеңдері бойынша жұмыстарды жүргізу реттілігі мен мерзімдерінің сипаттамасы.

9.2 Әрбір кезеңің қорытындылары бойынша аралық нәтижелердің сипаттамасы және растайтын материалдардың тізбесі.

9.3 Жобаны іске асыру процесінде жоба командасының мүшелері арасында міндеттерді бөлу.

9.4 Өтінім беруші мен жобаны іске асыруға тартылған үшінші тұлғалар арасында жоба бойынша жұмыстарды бөлу.

10. Жобаны іске асырудың құнтізбелік жоспары:

(іске асырудың әрбір сатысы бойынша барлық жұмыстар рет-ретімен көрсетіледі)

№	Жұмыстардың атауы	Жұмыстарды орындау мерзімі (ай)	Кезеңің әрбір іс-шарасы бойынша құны (тенге)	Аяқтау нысаны және растайтын материалдар
1-кезең (6 айдан артық емес)				
1				
2				
3				
1-кезенге барлығы:				
2-кезең (18 айдан артық емес)				
1				
2				
3				
2-кезенге барлығы:				
ЖИЫНЫ:				

11. Маркетинг бөлігі:

11.1 өнім бойынша нарықты талдау келтіріледі;

11.2 "TAM-SAM-SOM" нарығының көрсеткіштері сипатталады;

11.3 клиенттердің "портреті" жасалады (Customer Profile);

11.4 өнімді жылжытудың маркетингтік жоспары жасалады.

12. Қаржы бөлігі (шығыстар сметасын қалыптастыру үшін негіз болып табылады):

Іске асырудың әрбір кезеңі бойынша жобаны (шығындарды) орындау кезінде бюджет қаражатын нысаналы пайдалану негізделеді.

Бизнес-жоспарда кезеңің әрбір іс-шарасы бойынша негіздеме ретінде таңдауды және баға белгілеуді растайтын құжаттар, оның ішінде: негізгі және балама коммерциялық ұсыныстар, алдын ала шарттар және сілтемелер қоса беріледі.

12.1 жоба командасы мүшелерінің жалақысы (порталға жалақы деңгейін растайтын құжаттар: статистикалық деректер, скриншоттар және ұқсас дағдылары бар мамандарға арналған ұсыныстар орналастырылған интернет-ресурстарға сілтемелер қоса беріледі:

жалақы қажеттілігінің есебі келтіріледі;

жоба командасы мүшелерінің қатысу дәрежесі көрсетіледі (толық 100 %, немесе қоса атқарылатын жұмыс – 50%).

12.2 бағдарламалық қамтамасыз етуға арналған лицензиялардың, жабдықтардың саны мен жеткізуашілерді таңдауды көрсете отырып, оларды сатып алу тізбесі мен құны сипатталады.

12.3 материалдар мен жинақтауыштардың саны мен жеткізуашілерді таңдауды көрсете отырып, оларды сатып алу тізбесі мен құны сипатталады.

12.4 өзге де жұмыстардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің тізбесі мен ақы төлеу құны жобаға қатысуға тартылатын бірлесіп орындаушылардың көрсетілетін қызметтері құнының негіздемесі сипатталады.

12.5 үй-жайларды жалдау құнының негіздемесі сипатталады, жалға алынатын үй-жайдың ауданына қажеттілік есебі келтіріледі.

12.6 жоспарланған іссапарлар, тәуліктік, ұшу және тұру құнының негіздемесі (Бюджет қаражаты есебінен, оның ішінде шет мемлекеттерге іссапарлар бойынша шығыстарды өтеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады).

12.7 маркетингтік жоспарға сәйкес маркетингтік шығыстардың құны сипатталады (2-кезең үшін).

12.8 мәліметтерді қамтитын Қаржылық модель жасалады (excel форматында):

кірістер мен шығыстардың болжамы,

ақша қаражатының қозғалысын болжау,

ақша қаражатының дисконтталған ағыны,

болжамдық теңгерім.

12.9 бар болған жағдайда компанияның Қаржылық есептілігі ұсынылады:

бухгалтерлік баланс (баптар бойынша таратып жазылған),

пайда мен шығындар туралы есеп,

ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп,

капиталдың өзгеруі туралы есеп.

13. Экологиялық бөлім:

13.1 Нормативтік-құқықтық актілердің тізбесі;

13.2 Жобаның қоршаған ортаға әсері бойынша стандарттар мен нормативтерге сәйкестігі.

14. Тәуекелдерді талдау:

14.1 Қаржылық, техникалық, құқықтық, коммерциялық, өндірістік, операциялық тәуекелдерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, оны іске асыру ықтималдығын және жобаны іске асыруға әсер ету дәрежесін (төмен, орташа, жоғары) және тәуекелдерді азайтудын/тәуекелдерді азайтудың ықтимал әдістерін көрсете отырып, тәуекелдер тізбесін айқындау.

15. Күтілетін нәтижелер:

15.1 Жүзеге асырылатын өнім көлемі (жобаны іске асырудың екі кезеңі бойынша жеке көрсету қажет);

15.2 Шығарылатын өнім көлемі натуралды шамада.

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты) Мөр орны (болған жағдайда)

Технологияларды
коммерцияландыруға
инновациялық гранттар беру
қағидаларына
4-қосымша

Күнтізбелік жоспар

Жобаның атаяу:

№	Жұмыстардың атаяу	Жұмыстарды орындау мерзімі (ай)	Кезеңнің әрбір іс-шарасы бойынша құны (тенге)	Аяқтау нысаны және растайтын материалдар
---	-------------------	----------------------------------	---	--

1-кезең (6 айдан артық емес). Өнімді жетілдіру және инвестицияларды тартуды қоса алғанда, коммерцияландыру стратегиясын әзірлеу.

1	Жоба командасы мүшелері орындастын жұмыстар			
1.1				
1.2				
2.	Үшінші тұлғалар орындастын жұмыстар			
2.1				
2.2				
3.	Кеңсе үй-жайларын жалға алу			
3.1				
3.2				

4.	Материалдар, жиынтықтауыштар және жабдықтар сатып алу			
4.1				
4.2				

1-кезенге барлығы:

2-кезең (18 айдан артық емес). Өнім өндірісін іске қосу (енгізу және сұйемелдеу) және оны нарықта іске асыру (коммерцияландыру)

1	Жоба командасы мүшелері орындаитын жұмыстар			
1.1				
1.2				
2.	Үшінші тұлғалар орындаитын жұмыстар			
2.1				
2.2				
3.	Кеңсе үй-жайларын жалға алу			
3.1				
3.2				
4.	Материалдар, жиынтықтауыштар және жабдықтар сатып алу			
4.1				
4.2				

2-кезенге барлығы:

ЖИЫНЫ:

Технологияларды
коммерцияландыруға
инновациялық гранттар беру
қағидаларына
5-қосымша

Шығындар талдамасы бар шығыстар сметасы

Жобаның атаяу

PP/c	Жұмыстар д ы орындауға арналған шығындар	Шығында р сомасы	Қаржыландыру көздері				Баға белгілеу бойынша түсіндірмे лер	Есептеуле р д е көлданыла т ы н деректер көзі
			Иноваци ялық грант	Меншікті каражат	Инвестици ялар (тартылған қаражат)	Қаржылан дырудың өзге де көздері (кайсысы, көрсету керек)		
	Шығында р ЖИЫНЫ:	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00		

оның ішінде баптар мен кезеңдер бойынша:

1-кезең: Өнімді жетілдіру және инвестицияларды тартууды қоса алғанда, комммерцияландыру стратегиясын әзірлеу

1	жоба командасы мүшелерін і н жалақысы							
2	үшінші тұлғалар және/ немесе бірлесіп орындауш ылар орындайт ын өзге де жұмыстар ға және (нemесе) қызметтер ге, оның ішінде жабдықты жалға алуга ақы төлеу							
3	кенсе үй-жайы және (нemесе) өндірістік үй-жайлар ды жалдау							
4	жабдықтар ды сатып алу							

5	материалдар мен жинақтауыштарды сатып алу						
6	іссапар шығыстары						

2-кезең: Өнім өндірісін іске қосу (енгізу және сұйемелдеу) және оны нарықта іске асыру (коммерцияландыру)

2-кезенге барлығы:							
1	жоба командасының жалақысы						
2	үшінші тұлғалар және/ немесе бірлесіп орындаушылар орындайтын өзге де жұмыстарға және (немесе) қызметтерге ақытөлеу						
3	кенсе үй-жайы және (немесе) өндірістік үй-жайларды жалдау						
4	жабдықтарды сатып алу						
5	лицензияларды сатып алу						
6	материалдар мен жинақтауыштарды сатып алу						

7	іссапар шығыстар ы							
---	--------------------------	--	--	--	--	--	--	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК